

«Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық әлеуеті" атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в наук-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – Б. 358-360

АҚЖАЙЫҚ ЕТТІ-ЖҮНДІ ҚОЙ ТҰҚЫМЫНЫҢ ӨСІП-ДАМУЫ ЖӘНЕ ЕТ ӨНІМДІЛІГІ

Аманкелді С.

Ет өндірісі республикамызда ауыл шаруашылығындағы негізгі және басым бағыттардың бірі болып есептеледі. Қой етінің дәмдік қасиеті жоғары, құрамындағы ақуыз, ауыстырылмайтын аминқышқылдары, витаминдер мен минералдық заттар құрамы бойынша сиыр етінен кем түспейді, ал калориялығы бойынша одан асып түседі. Мысалы, 1 кг сиыр етінде - 2300 ккал (9629 Дж) болса, 1 кг қой етінде - 2720 ккал (11 388 Дж) қуаттылығы бар. Малдың сыртқы пішіні, яғни экстерьері - нақты бір жағдайда мал өнімділігінің болашағын анықтайтын көрсеткіштің бірі болып саналады [1].

Қозылардың өсу және даму процесіндегі қалыпты паратиптік факторлар кезінде дене бітім өлшемдері дененің тірілей салмағы сияқты үздіксіз өзгеріп отырады, сонымен қатар азықтандыру жағдайына байланысты тірілей салмақ көрсеткіші азайып не көбейсе де, дененің өсу заңдылығы өзгермейді [2].

Ақжайық етті жүнді қой тұқымы қозыларының өсіп-дамуы, сонымен қатар еттілік пішіндерінің дамуын бақылау үшін біз тәжірибедегі қозылардың дене өлшемдерін алып, тиісті талдау жүргіздік. Қозылардың туылған кезде, енесінен айырғандағы (4-4,5 айлығында) және 12 айлығындағы дене өлшемдері көрсеткіштері 1 кестеде келтірілген.

1 кесте - Ақжайық етті жүнді қой тұқымының дене өлшемдері

Дене өлшемдері	Жынысы	Жасы		
		туғанда	4-4,5 ай	12 ай
Шоқтық биіктігі	еркек	37,2	58,9	-
	ұрғашы	36,7	55,1	64,6
Кеуде тереңдігі	еркек	13,4	26,4	-
	ұрғашы	12,9	24,9	29,8
Тұрқының қиғаш ұзындығы	еркек	31,4	66,1	-
	ұрғашы	30,7	59,9	71,0
Кеуде енділігі	еркек	9,9	20,8	-
	ұрғашы	9,5	19,4	21,4
Бөксесінің енділігі орамы	еркек	28,5	48,9	-
	ұрғашы	27,5	47,4	57,4
Кеуде орамы	еркек	40,3	78,5	-
	ұрғашы	38,9	76,2	87,6
Сирақ орамы	еркек	6,1	6,8	-

	ұрғашы	6,0	6,6	7,2
--	--------	-----	-----	-----

Қой тұқымдарынан негізінен 7 дене өлшемдері алынады. Яғни, шоқтығының биіктігі, кеуде тереңдігі, дене тұрқының қиғаш ұзындығы жауырын артының кеуде ені, бөксе ені, жауырын астының кеуде орамы және сирақ немесе жіліншік орамы. Аталған дене өлшемдері ақжайық етті-жүнді қой тұқымының еркек және ұрғашы қозы-тоқтыларынан алынады, яғни туылған мерзімінде, 4-4,5 және 12 айлығында. Еркек және ұрғашы малдарының туылған мерзімдегі, 4-4,5 және 12 айлығындағы шоқтығының биіктігі, сәйкесінше -37,2-36,7см; 58,9-55,1см және 64,5см; кеуде орамы, сәйкесінше 40,3-38,9см; 78,5-76,2см және 87,6см құрады, сол сияқты тәжірибедегі қойлардың басқа дене өлшем көрсеткіштері жастары мен жыныстарына байланысты қалыпты деңгейде болды.

Әр жастағы қойлардың дене бөлшектерінің бір –бірімен байланысты өсіп-даму деңгейін анықтау үшін дене индексі деңгейін анықтадық (2 кесте).

2 кесте – Ақжайық етті-жүнді қой тұқымының дене индекстері, %

Индекстері	Туылған мерзімінде		4-4,5 ай		12 ай	
	ұрғашы	еркек	ұрғашы	еркек	ұрғашы	еркек
Аяқ ұзындығы	64,0	64,8	55,2	52,1	-	52,9
Дене созылуы	84,4	83,6	112,2	108,7	-	109,9
Сүйектілігі	16,4	16,3	11,5	11,9	-	11,1
Дене тығыздығы	128,4	126,7	118,7	127,2	-	123,4
Кеуделік	73,9	73,6	78,8	77,9	-	71,8

Кестеде келтірілген деректерден әртүрлі жынысты және жастағы ақжайық қой тұқымының дене индекстерінің қалыпты деңгейде екенін байқауға болады, яғни олардың өсіп-дамуы қойлардың биологиялық дамуына сәйкес екені анықталды.

Қой етінің басқа ауыл шаруашылығы жануарларының етінен құрамында холестериннің аз болуымен ерекшеленетіні белгілі. Қой етінде сиыр және шошқа етімен салыстырғанда холестерин 2,5-4,3 есе аз болады. Мысалы, сиыр еті 750 мг/кг, шошқа етінде 745—1260 мг/кг болса, қой етіндегі холестерин мөлшері 290 мг/кг. Ет қойдың барлық тұқымынан алынады, бірақ жоғары дәрежедегі ет өнімі етті бағыттағы етті - майлы және етті – жүнді қой тұқымдарынан өндіріледі.

Сонымен қатар жас қойдың еті өзінің дәмдік қасиетіне қарай еттің ең жоғары сапалы түріне жатқызылады, ал қойларды етке сою және тапсыру уақыты тұтынушылар сұранысы мен халықтың салт дәстүріне байланысты.

Қойлардың еттілік-майлылық өнімділігі сүт ему кезеңінде, ал етке тапсыратын қолайлы уақыт 7,5-8 айлығында қалыптасады. Сондықтан көптеген ғалымдардың пікірінше, қозыларды 4-4,5 және 7,5-8 айлық жас кезеңінде етке тапсырудың диеталық көзқарас жағынан пайдасы мен экономикалық тұрғыдағы тиімділігі өте зор. Жас тоқтылардың ет өнімділігін анықтау үшін біз еркек қозыларды енесінен айырған (4-4,5ай) және 8 айлық жастарында сойдық (3 кесте).

3 кесте –Ақжайық етті-жүнді еркек тоқтыларының сойыс нәтижесі .

Сойыс көрсеткіштері	Жасы	
	4-4,5 айлық	8 айлық
Сойыс алдындағы тірілей салмағы, кг	31,71±0,38	41,5±2,1
Ұшаның салмағы, кг	14,2±0,7	19,4±1,1
Ұша шығымы, %	44,9	46,7
Ішкі майы, кг	0,42±0,03	0,83±0,02
Сойыс салмағы, кг	14,6±0,9	20,23±0,8
Сойыс шығымы, %	46,0	48,7

Енесінен айырған еркек тоқтылардың тірі салмағы 31,7 кг, ал 8 айлық мерзімінде 41,5кг болды.

Бордақылаудан кейін 8 айлық жасында сойылған еркек қозылардан 19,4 кг ұша алынды, ұша шығымы мен сойыс шығымы сәйкесінше 46,7 және 48,7% құрады.

Малдардың жасы ұлғайған сайын сойыс шығымының да ұлғаятыны белгілі, бұл бұлшық ет және май ұлпасының белсенді өсуімен түсіндіріледі. Мысалы, біздің тәжірибемізде де, 4-4,5 айлық тоқтылармен салыстырғанда 8 айлық қозылардың сойыс шығымы 1,8 -2,7%-ға артқаны байқалды [3].

Қорытынды, жалпы ақжайық етті-жүнді қой тұқымы төлдерінің туылған мерзімінен бір жасқа дейінгі өсуі мен дамуы қалыптасқан биологиялық заңдылықтарға сәйкес болды, ал ет өнімділігі басқа етті-жүнді қой тұқымдарының ет өнімділігінен кем болған жоқ, сондықтан ақжайық етті- жүнді қой тұқымын өсіруді жалғастыру қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Сәбденов Қ.С. Қой және ешкі өнімдерін өңдеу технологиясы / Сәбденов Қ.С., Құлатаев Б.Т., Байбатшанов М.К. – Алматы: Нұр-Принт, -2012. 1 том. 472 б.
2. Marquez G.C., Haresign W., Davies M.H. et al. Index selection in terminal sires improves early lamb growth // Journal of Animal Science. – 2012. – Vol. 90. – P. 142-151.
3. Leymaster K.A., Jenkins T.G. Comparison of Texel and Suffolk Sired Crossbred Lambs for Survival, Growth, and Compositional Traits // Journal of Animal Science. – 1993. – Vol. 71. – P. 859-869.

Ғылыми жетекші, а.ш.ғ.д., профессор С.Қ. Шәуенов